

10.02.2017 ж.

## Тарих терең зерттелуі тиіс

**Оразгүл МҰХАТОВА**, тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры



*Қазақстан тарих ғылымында ұзақ жылдар бойы зерттелуі былай тұрсын сыбырлап қана айтылып келген мәселе Алаш қозғалысы екендігі мәлім. Пролетариат көсемінің рақымшылығына қарамастан кеңес өкіметі Алашорданы өзгелерді қорқытуда құбыжық, тарихын «халық жауларының» төңкеріске қарсы әрекеті түрінде өңін айналдырып жіберді. Сол себепті аз ғана уақыт тарихы бұрмалана зерттеліп, одан кейін зерделеуге қатаң тыйым салынды. Бұлай етудің астарында сорақы саясат жатқан еді.*

Большевиктер Алашты өздерінің аймақтағы билігіне төнетін қауіп есебінде бағалады, сондықтан да оны тамырымен құртып жіберуді мақсат етті. «Алашордашылдарды» құртса да биік мүддедегі идеясын, асыл мұрасын, игі істері туралы жазбаларын жоя алмады. Сол мұра қоғам үшін, халық үшін әлі де құнды, әлі де өзекті. Тек оны оқып-үйрену, санаға сіңдіру міндеті тұр. Ол үшін ұлттық тәуелсіз мемлекет түріндегі Алаш автономиясы, осы мемлекеттің үкіметі – Алашорданың, ұлттық-демократиялық сипаттағы Алаш партиясының тарихының деректерін білген абзал.

Дерексіз тарихтың жазылмайтындығы хақ. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы өз кезегінде деректерді «тарихтың жемі» деп атаған, олардың барлығының дерлік бірдей тарих жазуға жарамайтындығына назар аударған. Осы тұрасында өткен уақыттардағы оқиғаларды сипаттаудан гөрі олардың деректерге сәйкес шынайы зерттелуі қоғам, мемлекет, ғылым үшін маңызды екендігі дау тудырмайды.

Алаш қозғалысының деректері мол. Олар сонау 1910-1930 жылдардың өзінде қалыптасқан, кейбіреулері жарияланған-ды. Деректерді Алаш қозғалысы мүшелерінің еңбектері, съездер мен жиналыстарда сөйлеген сөздері, мақалалары, құжаттар жинағы, мерзімді басылым беттерінде жарияланған материалдар түрінде топтап көрсетуге де болады. Ұлттық автономияны басқаруға тиіс болған үкіметтің Батыс және Шығыс, сондай-ақ Түркістандық топтары, олардың өзара байланыстары туралы тарихи деректер өз алдына бір төбе.

Қадап айтатын мәселе Алаш ардақтыларының еңбектерінің барлығы дерлік жарық көре бермеген. Оған сол кездегі қоғамдық-саяси жағдай тікелей әсерін тигізген. Қолжазба түрінде қалып қалғандары қаншама?! Біздің білетініміз – кеңес өкіметінің «арқасында» баспа бетін көрген деректер. Солардың алғашқысы 1920 жылдардың соңына қарай жарық көрді. Қазақстанда билік басына Г.И. Голощекиннің келуімен бірге Алаш қозғалысының тарихын зерттеу «ресми», «таптық» және «партиялық» тұрғыдан зерттеу науқанымен қатар жүргізілді. Оның үстіне 1927 жылы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің (Казкрайком) Алаш қозғалысы тарихына қатысты еңбектер дайындауға тапсырыс берді. Дүниеге келуі тиіс шығармалардың алдына Алаш және Алашорданы барынша қаралау мақсаты қойылды. Осылайша тарихи деректерді қалыптастырудың «тың» ұстанымы пайда болды. Мұндай зерттеу методологиясының орын алуына «совет өкіметіне қарсы әрекеттер жасады» деген жалған айып тағылған қазақ зиялыларының саяси қуғын-сүргінге ұшырауын «ғылыми» негіздеу» мұрындық болды.

Аталмыш методологияны қалыптастыруда А.Богачев еңбегінің рөлі айтарлықтай еді. А.Богачев Алаш қозғалысына қатысты жекелеген дұрыс пікірлер айтқанына қарамастан, жалпы алғанда Алашорданы жамандаудан аспады. Соған қарамастан А.П. Богачев жинаған құжаттар кешені жарамсыз деп танылды. Билік тарапынан «автор Алаш тарихының әртүрлі кезеңдері мен қызметіне объективті баға бере алмаған» деген тұжырым жасалды. Сондықтан да осы бағыттағы зерттеулер дайындау науқаны ары қарай жалғастырылды. 1929 жылы келесі жинақ жарық көрді. Бұл Н.Мартыненконың дайындауымен жарық көрген құжаттар жинағы болатын. Ол Алаш қозғалысы тарихын зерттеуде таптық бағытты орнықтыруда әрі оны қаралауда айтарлықтай септесті. Соған қарамастан бұл жинақ биліктің діттеген жерінен шыға қоймады, өйткені зерделі адамға жарияланған құжаттар Алаштың шынайы қызметін айқындап берген еді. Дегенмен, бұдан кейін Алаш қозғалысы туралы айтуға тыйым салынған тұста деректер жайлы сөз қозғау аңызға айналды. Ел егемендігіне қол жеткізген тұста ғана дерек көздер көпшіліктің назарына ілікті.

Алаш қайраткерлерінің еңбектері, қазақ халқының үнжариясы «Қазақ» газетінің материалдары, т.б. жарық көрді. Соңғы жылдары жекелеген Алаш ардагерлерінің шығармалары бірнеше том түрінде қалың оқырманға ұсынылуда. Дегенмен, олардың барлығы дерлік зерттеліп, өз бағаларын ала алмай келеді.

Алаш қозғалысы тарихының зерттелу деңгейі туралы айтатын болсақ, қарама-қайшы екі бағыт айқын көрінеді. Осыған орай оның тарихнамасын шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады. Оның алғашқысы Алаштың өткеніне күйе жағып, ұлт жана-шырларының қызметін іске алғысыз етіп тастаса, екіншісі оның ақиқатын ашып, халық игілігі үшін адал еңбек еткендердің шынайы бағасын берді.

1920 жылдардың соңына қарай Алаш қозғалысы төңірегінде ең алғашқы зерттеулер жазыла бастады. Олардың ұстанымы большевиктік биліктің мүддесіне сәйкестендірілді. Басқарушы биліктің саяси диктаның күшеюіне байланысты Алаш қозғалысының ақпан төңкерісіне дейінгі объективті-революциялық рөлі және «оның кейінгі контрреволюциялық қайта жаңғыруы» туралы тезис басты қағидаға айналды. Осылайша «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің рөлі мен қызметін бұрмалаған еңбектер пайда болды.

Осы кезде А. Байтұрсыновтың, С. Сейфуллиннің, Ә Әйтиевтің, А. Кенжиннің мақалалары жарияланды. Зерттеушілер Алаш қозғалысына бір қырынан ғана баға беріп, оны барынша қаралады. Мәселен, өз кезегінде С.Сейфуллин қозғалысқа сыңаржақ баға берді. Оның бағасын Ә. Әйтиев те жақтаған. Е. Федоровтың, П. Галузоның және

басқалардың еңбектерінде Алаш және Алашорда тарихы осы үрдісте талданды. 1933 жылы Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтында «Алашорданың» контрреволюциялық мәнін ашып көрсету және оның қазақ халқының тарихындағы жиренішті, жексұрын, рөлін түпкілікті жою» деген айдармен арандатушы пікірталас өткізілді. «Алаштың революцияға дейінгі кезеңдегі объективті-революциялық рөлі» туралы қағиданы толығымен теріске шығару проблеманы зерттеудің методологиясындағы айқындаушы көзқарас етіп алынды. 1935 жылы С. Брайнин мен Ш. Шафироның «Алашорда тарихы туралы очерктер» деген еңбегі жарияланды. Авторлар Алаш қозғалысының жетекшілері мен оған қатынасқандардың барлығына дерлік «орыс патшалығы мен уақытша үкіметтің итаршы, қолшоқпарлары, қазақ халқының қас жаулары» деген айдар тақты. Алашордаға «ұлтшыл контрреволюцияның үкіметі деп баға берді. С. Брайнин мен Ш. Шафироның Алаш қозғалысы тарихын зерттеуге ықылас танытқандардың ұмтылысына кедергі жасады әрі өлкедегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зерттеуде таптық бағыттың түбегейлі орныққанын дәйектеп берді. Еңбек большевиктік идеологияға сәйкес жазылғанына қарамастан қатаң сынға алынды және авторларының «тағдыры» Алаш қозғалысы үшін оп-оңай әрі тез шешілді. Мұның бәрі коммунистік партияның қолымен жасалды. ВКП(б) Қазақ Өлкелік партия комитетінің бюросы 1935 жылғы сәуірдің 15-індегі қаулысында айтылмыш кітапқа қосымша ретінде жарияланған құжаттар тізбегі «Алашорданың контрреволюцияшыл ұлтшылдық идеологиясын таратуға қызмет етті» деп бағаланды. Сондықтан «Очерки по истории Алаш-Орды» деген кітапты бюро пайдаланудан алып тастау жөнінде қаулы қабылдады.

Осындай үрдістерден кейін тақырып айналасында ұзақ уақыттарға үнсіздік орнады. Алаш қозғалысының тарихына байланысты деректерге «аса құпия» деген таңба басылып, архивтерге тоғытылды. Оның тарихын зерттеуге мүлде тыйым салынды. Ал алашордалықтардың тағдырын кеңестік билік өз мүддесінде шеше салды. Олар саяси сот процестері шығарған үкімге байланысты әртүрлі ұзақ мерзімдерге концлагерьлерге айдалды, атылды, жер аударылды. Одан аман қалғандарына «халық жаулары», «шетелдер пайдасына қызмет еткен шпиондар» деген жалған айыптар тағылып, 1937-1938 жылдардағы үлкен террордың құрбандарына айналды.

Бағымызға орай горбачевтік қайта құру өшкенімізді жаңғыртып, өлгенімізді «тірілтуге» себеп болды. Тарихымыздың өңі айналдырылып, бұрмалана зерттелген немесе мүлде тыйым салынған мәселелер қайта зерделене бастады. Осы кезеңде біраз шындықтың беті ашылды.

Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің қоғамдық-саяси қызметін зерттеу елімізде 1988 жылдан бастау алды. Мәселенің жаңаша қойылымының тұсаукесері ретінде 1988 жылы қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын қайта қарау мақсатында құрылған Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитеті комиссиясының шешімдерін атауға болады. Алаш зиялыларын ақтайтын комиссия құрамында Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры Манаш Қозыбаев белсенді жұмыс жасады. Міне, осы кезден Алаш қозғалысына қатысты тарихи шындықты қалпына келтіру бағытында тың ғылыми ұстанымдар қалыптаса бастады. Айта кетерлік бір жайт, 1989 жылдың шілде айында республикалық көлемде өткізілген Алаш қозғалысының объективті тарихын зерттеуге арналған ғылыми пікір алысу оның тарихына деген көзқарасты өзгертуде түбегейлі бетбұрыс болды. Осы пікірталасқа бір топ қазақстандық тарихшылар мен қоғамдық ғылымдар өкілдері қатысып, өздерінің ой-тұжырымдарын ортаға салды. Мәселені жаңа тарихи таным тұрғысында зерттеуге алғашқы қадамдар жасалды.

Ұлттық-демократиялық партия құрылды ма, әлде құрылып үлгермеді ме деген мәселенің төңірегінде айтарлықтай дау туды. Әлсіреп, беделі түссе де тақтан тайдырыла қоймаған коммунистік партиядан жасқанғандар бұрынғысынша оны ұлттық ұсақ буржуазиялық партия деп сипаттаудан танбады. Алашорданы контрреволюциялық қызмет атқарды деп, оның өзге қырларына үңілгілері де келмеді. Ал Т. Кәкішев тәрізді қара қылды қақ жаратындар партия құрылып үлгермеді деп, оның өзіндік себептерін ашып берді.

Ғылыми көпшіліктің назарына дөңгелек үстелде жасалған, мәнді дегендері мерзімді басылым беттерінен көрініс тапты. Сондай баяндамалардың бірінің авторы Тұрсынбек Кәкішев еді. Өзінің «Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы» деген мақаласында Алаш партиясы мен Алашорда тарихына қатысты тың пікірлер білдірді. Т. Кәкішевтің мақаласы ғалымдар мен зерттеушілерге ой салды. Алаш қозғалысының деректерін терең зерделеудің қажеттілігі айқындалды. Алайда олар әлі де қолжетімсіз болатын. Тарихшы-ғалымдар К.Нұрпейісов, М. Қойгелдиев Алаш қозғалысының тарихи маңызымен қоса «қайшылықты» тұстарының бар екендігіне назар аударды. Осылайша сең қозғалды, тыйым салынған мәселе күн тәртібіне шығарылды. Көп ұзамай дөңгелек үстел материалдарымен қатар монографиялар, энциклопедиялар, оқулықтар, құжаттар жинақтары, қозғалыс жетекшілері мен мүшелерінің еңбектері жарық көре бастады. Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және басқа Алаш қозғалысы көсемдері мен мүшелері ақталды. Олардың шығармашылық мұрасы қайтадан халықтың игілігіне айналды. Олардың басым бөлігі қаза тілінде жарияланды.

Алаштың ақиқаты 1990 жылдардың екінші жартысында іргелі еңбектер дайындалды. Солардың бірегейі – Кеңес Нұрпейістің – «Алаш һәм Алашорда» монографиясы және Мәмбет Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» дербес зерттеуі. Осылардың жарыққа шығуы арқылы Алаш тарихының күнгейі мен көлеңкесі ашылды. Д.Аманжолованың «Казахский автономизм и Россия: История движения Алаш» атты зерттеуі зияткер қауым тарапынан жоғары бағаға ие болды. Аталғандармен қатар А. Сармурзиннің, В. Григорьевтің, Т. Омарбековтің, С. Аққұлының, еңбектерінде Алаш қозғалысы тарихының жекелеген аспектілері көрініс тапты. «Алаш» партиясы мен қозғалысы тарихының мәселелерін, оған қазақ ұлт зиялыларының қатысуын талдап түсіндіруде Мұхтар Құл-Мұхаммедтің зерттеулері ерекше маңызға ие, себебі автор еңбегінде ұлт зиялыларының бұрын-соңды беймәлім болып келген еңбектерін оқырманға ұсынды. М. Құл-Мұхаммед «Алаш ардагері» атты кітабына Жақып Ақбаевтың 1927 жылғы 28-қаңтарда Қазақ педагогика техникумында «Қазақтың шығу тегі мәселелері» тақырыбында жасаған баяндамасының мәтінін заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Ғ.С. Сапарғалиевтің жеке мұрағатынан алып, қосымша ретінде жариялады.

Алаш қозғалысы шетелдік зерттеушілердің назарынан тыс қалмады. Америкалық зерттеуші Марта Олкот мәселеге арнайы тоқталып, былай деп жазған: «... Алаш партиясын қазақ зиялыларының (интеллектуалдарының) партиясы, олар большевиктік үстемдікті Қазақстанда болдырмау мақсатында Алаш автономиясын жариялап, оның үкіметін құрды». Тарихи шындықты баян етуге ұмтылған шетелдік тарихшының пайдаланған деректер қорының аздығынан еңбегінің кемшіл тұстарының бар екендігі байқалады. Соған қарамастан мәселенің америкалық тарихшылардың назарына ілігуі олардың ұлт, тәуелсіздік, мемлекеттік, басқару, т.б. мәселелердің шешімін табуда әлемдік өркениет деңгейінде көзқарас танытып, адамзат құндылықтарына сәйкес ұсыныс жасап, соларға ұмтылғандарынан хабар береді.

Алаш қозғалысы тарихының деректері мен тарихнамасы қысқаша осындай. Болшақта жүргізуге тиіс ізденістердің бар екендігі байқалады. Соларды жан-жақты зерттегенде ғана оның тарихы толық ашылады.

Ұлттың рухын асқақтатып, ғұмырын ұзартатын құдіретті күш Алаш қозғалысы тарихынан орын алған. Бұл тарих тек мақтануға лайық. Оны оқып-үйрену, зерттеу және насихаттау қажет. Осы орайда «... біз тамырын тереңге тартып, тәуелсіздікпен бірге мәуесін жайған тарихи танымды ұрпақ санасына сіңіруіміз қажет» деген Елбасының сөзін жадымыздан шығармағанымыз абзал. Ұлттың мүддесі үшін, азаттық үшін күрескендер тарихын құрметтеп, терең білсе болашағымыздың да жарқын болары сөзсіз. Тарих арқылы келешек ұрпақты тәрбиелеу дегенді үнемі назарда ұстағанымыз жөн.